

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы" 2009 жылғы 20 шілдедегі № 174 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 269 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2013 жылғы 14 қаңтарда № 3147 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 325 қаулысымен

**Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.12.2014 № 325 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы" 2009 жылғы 20 шілдедегі № 174 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3028 тіркелген, 2009 жылғы 6 тамыздағы "Орал өңірі" газетінің № 87 жарияланған) төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

қаулының атауында және мәтінінде, аталған қаулының 2-тармағын қоспағанда, "су тоғандарының" деген сөздер "су айдындарының және (немесе) учаскелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесінде:

"Ақжайық ауданы" бөлімі төмендегідей жолдармен толықтырылсын:

"2-1. Грачи 1 өзені 10 километр;

2-2. Грачи 2 өзені 10 километр;

2-3. Дөңгелек су торабынан Пятимар су қоймасына дейінгі, Пятимар су торабынан төменгі Көшім өзенінің бөлігі 120 километр";

"Бөрлі ауданы" бөлімі төмендегідей жолмен толықтырылсын:

"6-1. Қараоба өзені 67 километр";

"Жаңақала ауданы" бөлімі төмендегідей жолмен толықтырылсын:

"14-1. Жалтыркөл көлі 320 гектар";  
"Зеленов ауданы" бөлімі төмендегідей жолдармен толықтырылсын:  
"25-2. Пеньковская жырасындағы Пеньковский тоғаны 12,6 гектар;  
25-3. Степное су қоймасы 400 гектар";  
"Сырым ауданы" бөлімі төмендегідей жолдармен толықтырылсын:  
"35-1. Шолақаңқаты өзені 25 километр;  
35-2. Қалдығайты өзені 120 километр";  
"Теректі ауданы" бөлімі төмендегідей жолдармен толықтырылсын:  
"49-1. Қарабас көлі 280 гектар;  
49-2. Ащысай өзені 25 километр".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е. Ғ.  
С а л ы қ о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Ноғабев*